

AP26194613 «Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері» Ғылыми жобасы бойынша

ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАР АКТІСІ

ҚР-дағы ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудің теориялық негіздері талданды. Бұл саладағы құқықтық реттеудің эволюциясы, негізгі қағидаттары, институттық тетіктері мен оларды жетілдірудің бағыттары айқындалды. Экологиялық қауіпсіздіктің теориялық мазмұны, оның мәні мен категориялық аппаратын айқындайтын ұғымдық тәсілдер қарастырылды.

Зерттеу барысында аграрлық сектордың экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық және халықаралық құқық нормаларының өзара байланысы, инновациялық технологияларды енгізудің экологиялық-құқықтық салдары және құқықтық механизмдердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін ғылыми тәсілдер қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері халықаралық конференцияда талқыланды және мақала жарияланды: ҚР-дағы ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету бойынша нормативтік-құқықтық базасын зерделенді, оның кемшіліктерін мен олқылықтары анықтала отырып, сондай-ақ «ҚР-ның Экологиялық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы дайындалды. Заң жобасы инновациялық жаңғырту үдерісінде экологиялық тәуекелдерді төмендетуге, ауыл шаруашылығы субъектілерінің жауапкершілігін арттыруға және экологиялық құқықтық реттеудің тиімділігін кешенді түрде қамтама

Ауыл шаруашылығы өндірісіне қойылатын экологиялық талаптарды анықтайтын қолданыстағы заңнамаға талдау жасалған, тұрақты даму қағидаттарын енгізуге әсер ететін нормативтік-құқықтық базадағы олқылықтар мен сәйкессіздіктер анықталды. Пестицидтерді, агрохимикаттарды, су және жер ресурстарын пайдалануды құқықтық реттеу мәселелеріне, сондай-ақ экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізуге сыз етуге бағытталған. байланысты мәселелерге ерекше назар аударылды. Зерттеу барысында экологиялық талаптардың аграрлық өндірістегі инновациялық процестермен сәйкестігі, құқықтық нормалардың бірізділігі мен тиімділігі, экологиялық реттеу тетіктерінің қолданылу деңгейі жан-жақты талданды. Қолданыстағы Экологиялық кодекстің, жер, су және аграрлық заңнаманың нормаларын салыстырмалы талдау нәтижесінде құқықтық реттеудегі кемшіліктер, қайшылықтар, құқықтық олқылықтар мен құқық қолдану тәжірибесіндегі проблемалық тұстар анықталды. Зерттеу нәтижелері халықаралық конференцияда талқыланды және мақалалар жарияланды:

1. Yelikbai M. A., Yesenaliev A.E., Algaziyev M.D Problems of legal regulation of environmental safety in the process of innovative modernization of agriculture in the Republic of Kazakhstan // Proceeding XII International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2025, Volume IV, 2025. 41-43 p.
2. Poshanov N.N., Akshatayeva Zh.B. Theoretical and normative foundations of legal support for environmental safety in the context of innovative modernization of agricultural production in the Republic of Kazakhstan // Proceeding XII International Conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE – 2025, Volume IV, 20251
3. Акшатаева Ж.Б. Правовое сочетание инновационной модернизациисельскохозяйственного производства и экологической безопасности в Республике Казахстан: современное состояние и направления развития // “Iqlim o‘zgarishining suv manbalariga ta’siri va suvni samarali boshqarishning huquqiy tartibi”. –T.: TDYU nashriyoti, 2025. – 66-75 b
4. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы: Оқу құралы / Акшатаева Ж.Б., Озенбаева А.Т., Шымкент: «Әлем» баспасы, 2025. - 212 б. ISBN 978-601-08-5588-5. Оқу құралында ҚР-ның экологиялық құқықтың теориялық және құқықтық негіздері жан-жақты қарастырылды. ҚР-ның экологиялық құқықтың даму тарихы қаралды. Экологиялық құқықтың ұғымы, белгілері, субъектілері мен объектілері, сондай-ақ олардың пайда болуы, өзгертілуі және тоқтатылу тәртібі ғылыми тұрғыда сипатталған. Сонымен қатар, жерге меншік құқығының түрлері, қоршаған ортаны пайдалану, кадастр және мониторинг жүйесі, рұқсат беру, экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік түрлері қамтылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін құқықтық реттеу, оның ішінде ауыл шаруашылығы өндірісін инновациялық жаңғырту жағдайында экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету және қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қорғаудың экологиялық-құқықтық режимдері қарастырылған.

Оқу құралы «Құқықтану» білім беру бағдарламасында оқитын білімгерлерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ оқытушыларға, ғылыми зерттеушілерге, тәжірибедегі заңгерлер мен кәсіпкерлерге, сонымен қатар мемлекеттік органдарындағы қызметкерлерге арналған.